

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.ІІ. - Б. 204-207

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ТІЛДІК ҚАТЫНАСҚА ТИГІЗЕТІН КЕЙБІР ЗИЯНДЫ ЖАҚТАРЫ

Габдылганар Е.

Әр дәуір мен заманның адам баласының алдына қояр талаптары айырықша екені белгілі. Ал ХХІ ғасыр ағымының қайсы бағыттары мен салаларын алсақ та, даму мен жаңғыруда келе жатқанын анық аңғара аламыз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «ХХІ ғасыр білім мен ғылымның ғасыры болады», - деп алдағы жолымызды айқын болжап берген еді. Соның бірі ақпараттық технологияның, оның ішінде интернеттің атап айтқанда әлеуметтік желілер дамудың даңғыл жолына түсіп отырғаны ешқандай да дәлелдеуді қажет етпейді. Бүгінгі күні әлеуметтік желілер интернет тұтынушылардың арасы ажырамас сенімді серігіне айналғандай. Әсіресе, мектеп оқушылары мен одан кейінгі бозбалалар мен бойжеткендер, тіпті ересектер де желіден бас алмайтын жағдайға жеткені жасырын емес. «Таяқтың екі ұшы бар» дегендей әлеуметтік желінің пайдалы жағымен қатар зиянды жақтары бар екенін көп жағдайда қаперімізге ала бермейміз. Әлеуметтік желілердің тілдік қатынасқа тигізетін зияндары туралы сөз қозғамас бұрын «әлеуметтік желі» дегеніміз не? Оның қандай түрлері бар? деген сұрақтарға тоқталып кетейік.

Әлеуметтік желі дегеніміз – адамдардың бір-бірімен интернет арқылы қарым-қатынас жасайтын құралы болып табылады. Бұл тек адамдарды бір-бірімен байланыстыратын вебсайт қана емес, сонымен қатар өз айналасындағы адамдардың тағыда кімдермен байланыста һәм таныс екенін білудің, сондай-ақ, сол арқылы өз таныс-білістіңді арттырудың жолы. Демек, әлеумет – халық, адамдар, топ болса, желі – байланыс, қарым-қатынас. Енді осы жерде «желі» сөзі – интернеттегі сайт болса, «әлеумет» – бұл сол сайттың тұтынушылары, яғни сіз бен біз [3,1-3].

Рас, әлеуметтік желілер адам өмірінің маңызды бөлігіне айналып үлгерді. Тіпті, жеке парақшасына күніне бір рет кіріп көрмесе, жұмысы алға баспайтындай көрінетіндер де бар. Әлеуметтік желілер 1995 жылы американдық «Classmates.com» атты порталдан бастау алады. Аталған жоба сәтті шығып, жаңа «Linked In», «MySpace», «Facebook» атты әлеуметтік желілердің пайда болуына ықпал етті. «LinkedIn» іскерлік қарым-қатынасты ұйымдастыру мақсатында құрылған болса, «MySpace», «Facebook» желілері музыка тыңдау, кино көру, жаңа достар табу т.б. секілді көңіл көтеру парақшасы ретінде қолданушылар арасында кеңінен танымал. Бүгінде миллиондаған қолданушыларымен мақтана алатын парақшалар дүние жүзін жаулап алған [3;3-4].

Әлеуметтік желілердің түрлері өте көп. Солардың ішінде әлем бойынша рейтингі ең жоғары әлеуметтік желілерді атап өтейік. Олар: Мой мир, Одноклассники, Facebook, Twitter, V Kontakte, Instagram, WhatsApp т.б.

Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік желілердің қатарына «Мой мир»-ді (күніне 1 125 000 қаралым), «Одноклассники»-ді (күніне 558 000 қаралым), «ВКонтакте»-ні (күніне 525 000 қаралым), «Facebook»-ті (күніне 410 000 қаралым), және т.б. қосуға болады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Орта Азия мемлекеттері ішінде интернет тұтынушылар қатарында Қазақстан халқының үлесі – 45%-ды құрайды екен [1;1-2].

Ал енді әлеуметтік желілердің зиянды жақтарына келсек. Қазірде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі ғаламтор арқылы тілдесуді жөн көреді. Себебі ол тез әрі арзан болып табылады. Алып қарасақ, әрине, бұл факт кез келген адам үшін ыңғайлы әрі тиімді. Алайда, бәрі бір қарағандағыдай оңай емес. Өйткені әлеуметтік желілердің адам үшін зиянды жақтары пайдасынан әлдеқайда көп. Ең басында олар тек сөйлесу, кино қарау, музыка тыңдау, жаңалықтармен таныс болу мақсатында қолданып, бірақ соңында көптеген қиыншылықтарға ұшырайды. Өзімнің достарымды, таныстарымды көбейтемін деп, танымайтын адамдармен сөйлесіп, салдарынан тіпті өмірлерімен қош айтысып жатады. Әлеуметтік желі адамдарды шынайы өмірден алыстатады. Бұл әсіресе, жастар арасындағы күрделі проблема болып отыр. Күн ұзаққа желіде отыратын бала адамдармен шынайы араласа алмайды, тұйықталып, ғаламторға тәуелді болады.

Әлеуметтік желілер – уақыт ұрлаушылар. Адамның желіге тәуелділігі сондай, бас алмастан отырып минуттардың, оның артынан сағаттардың қалай жылжып кеткенін байқамай да қалады.

Әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі жайында өтірік мәлімет жазатын көрінеді. Тарқатып айтсақ, олардың 29 пайызы есімі мен жасын, 23 пайызы отбасылық жағдайын, 22 пайызы түр-әлпеті және қызығушылықтары туралы, 17 пайызы білімі мен жұмысына қатысты жалған ақпарат беретін болып шыққан және де осы әлеуметтік желінің салдарынан әлем халқы отбасының төрттен бірі ойрандалып жатыр, яғни жас жұбайлар арасында ажырасулар көп-ақ [2;1-2]. Әлеуметтік желі проблемасы мекемелерде жұмыс жасайтын адамдарға да өзінің кері әсерін тигізеді. Жұмыскерлер жұмыс уақытында сол сайттарды жұмыс мақсатында емес, адамдармен әңгімелесу үшін пайдаланады. Бұл мекеменің жұмыс жағдайына кері әсерін тигізері сөзсіз. Сондай-ақ әріптестері мен бастықпен қарым-қатынасты бұзылуына апарып соғуы әбден мүмкін. Ол сіздің уақытыңызды өлтірумен қатар, шынайы өмірдегі достарыңызбен ара қатынасыңызды алшақтатады, әлеуметтік желілерде көп отыратын адамдар өмірлік жолында пайда болған қиыншылықтарды шеше алмайды, немқұрайлықпен қарайды. Тіпті осы әлеуметтік желілерден бас алмай отырғандарының салдарынан балалар мен жасөспірімдердің отбасысымен, ата-анасымен де қарым-қатынастары бұзылып, көптеген түсініспеушіліктерге әкеліп жатады.

Соңғы уақытта өз өмірін қию көбейіп барады. Көптеген жастар сыңарын табу мақсатымен бейтаныс адамдармен танысып, бармақ тістеп

қалатын кездер де аз емес. Ал әлемде жыл сайын шамамен 100 адам әлеуметтік желіде қалдырған хаты үшін өмірден озады екен. Осы болып жатқан оқиғалар әлеуметтік желінің салдарынан екен. Бұл да әлеуметтік желелердің зиянды екенінің бір дәлелі [6;2-3].

Адам баласын сауатсыздыққа, меңіреулікке алып келетін әлеуметтік желілердің адамзат үшін пайдасынан зияны көп. Бүгінгі таңда көптеген адамдардың сөздік қорының байымауы да осы әлеуметтік желінің салдарынан екен. Виртуалды тілдесу арқылы үйреніп қалған бүгінгі жас буын адамдармен шынайы өмірде бетпе-бет кездескенде өздігінен сөйлеуге қысылып, өз ойын білдіре алмай жатады. Әлеуметтік желі арқылы әңгімелескенде, адамдардың көбісінің шынайы өмірде тұйық, адамдармен сөйлесуі қиынға түседі. Бұның бәрі әлеуметтік желелердің адам тілінің дамуымен қарым-қатынасына қайшы екенін көрсетеді.

Сөзсіз әлеуметтік желілер адамның денсаулығына да зиянды. Ол адамның көп уақытан алғандықтан спортпен шұғылдануға уақыт болмай қалуы мүмкін. Ал, спорт, өз кезегінде адам денсаулығының бірден-бір кепілі. Әлеуметтік желелер адамның, әсіресе, жас балалардың психологиясына кері әсерін тигізеді. Жүйке жүйесінің ауытқуларына, санасының улануына апарып соғады. Компьютердің алдында ұзақ отыру адамның көзіне өте зиянды болып табылады. Сондай-ақ, компьютердің алдында ұзақ мерзім отыру арқаға, белге, омыртқа сүйектеріне көп салмақ түсіріп, олардың қисық болып немесе дұрыс өспей қалуына апарып соғуы мүмкін. Компьютерден немесе ұялы телефоннан бөлінетін зиянды заттар қан ауруларына әкеледі [1;1-2].

Тіпті Елбасымыз Н. Назарбаевтың ойынша, әлеуметтік желінің адамның қарым-қатынасына пайдасынан зияны көп деп ойлайды. Оның айтуынша, интернетте отыратын бала түптің-түбінде жалғыз қалады. Ал мұның арты қайғылы өз-өзіне қол жұмсаумен аяқталып жатады. Айта кетсек, Президент жас жеткіншектерге: «Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып, уақыт өткізетіндер деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы кітап оқитындарға қызмет етіп өтеді» - деп өз сөзін айтқан. Әлеуметтік желіде отыратындардың көбісі кітап - журнал, газет оқымағандықтан, сөздік қоры аз болады, тіл байлығын дамыта алмайды. Бұл өз кезегінде адамдардың қарым-қатынасына кері әсер тигізетіні айдан анық [4;1-3].

Әуелі диалогті тіл пайда болғанын тілші-ғалымдар дәлелдеген. Яғни, тілдің басты қызметі – қарым-қатынас құралы. Біз мұнда вербальді тіл туралы сөз қозғап отырмыз. Сөйлеу кезінде сөйлеушінің тілдік ерекшеліктері болады. Өзінің жағымды дауысы, дауысының тембрі, ырғағы, қарқыны, күші арқылы табысқа кенеліп жатқан адамдар баршылық. Адамның сырт келбеті, имиджі сияқты дауысы, сөйлеу мәнері де табысқа жетудің бір кілті.

Сөйлеушінің айтайын деген ойын, пікірін дұрыс жеткізе білудің басты құралы – оның тіл байлығы. Әлеуметтік желілерде көп отыратындардың тіл байлығы туралы сөз қозғаудың өзі артық. Сөз жұтаңдығы олардың көкейіндегі ойда еркін жеткізуге мүмкіндік бермейді. Майын тамызып, әдеби, ғылыми тілде сөйлемек түгіл, өз ойын қарапайым тілмен айтып

жеткізуге де сөздік қорының аздығы мүмкіндік бермейді. Көпшілік алдында сөз сөйлеу де қиынға соғатыны сөзсіз.

Интернетті тым көп қолданушылар тапқыр, шешен сөйлеуі, сөйлеу мәдениетінің, жазба мәдениеттің жалпы заңдылықтарын сақтауы былай тұрсын, тілге қойылатын негізгі тазалық, дәлдік, орындылық, түсініктілік және қисындылық сияқты талаптарға мүлдем жауап бере алмайды.

Тілдегі сауатсыздық – адамның жалпы сауатсыздығының, мәдениеті төмендігінің көрінісі, рухани байлығының әлсіздігі. Сондықтан, өмірде өзінің алға қойған мақсаттарына жеткісі келетін, табысты, тәуелсіз болғысы келетін жастар 24 сағат бойы әлеуметтік желілерде отырмай, бір уақыт көркем-әдеби кітаптар оқыса, тіл байлығы арта түсер еді.

Әрине, әлеуметтік желілерді мүлдем қолданбау керек деп айтпаймыз, тек уақытылы, шектеулі, өз орнымен қолданса абзал. Әлеуметтік желі XXI ғасырдың жемісі болғандықтан, оны қолданған дұрыс. Бірақ та оның пайдалы жақтарын пайдаланып, ал зиянды жақтарынан адам баласы өзін алшақ ұстауға тырысу қажет. Сонда ғана адам баласының шынайы өмірмен қарым - қатынасы бұзылмайды, үзілмейді; адам баласы әлеуметтік желілерге тәуелді болмайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Халық сөзі» газеті. Әлеуметтік желілерді пайдалану.
- 2 «Kazaitys.kz» . Әлеуметтік желі туралы ақындардың көзқарасы.
- 3 Әріпбаев,(2012, November 08). Әлемді алаңдатқан әлеуметтік желілер. Retrieved from <http://yvision.kz/post/300486> (primary)
- 4 Қарабай, (2013, 09 03). Н.Назарбаев жастарға әлеуметтік желілердің зиянды тұстарын түсіндірді. Retrieved from <http://baq.kz/kk/news/35076> (secondary)
- 5 Ерғали, (2012, 12 19). Әлеуметтік желілер жайлы 20 факт. Retrieved from <http://massaget.kz/tehnobilesiz-be/7455> (secondary)
- 6 Жанай, (2012, 12 10). Әлеуметтік желі бізге не беріп жатыр? Жаңалық білейін деп кірген қолданушы онда не істеп жүр? Кірмесен, тұра алмайтындай құдырет-күші қайдан пайда болды? Retrieved from <http://www.jaqsy.kz/article/view?id=197> (primary).
- 7 Metaphors in Anatomical Terminology Zifa Temirgazina,†* Marzhan Akosheva,Î Yrysgul Shakaman,† Aigerim Shaharman,‡ Zauresh Kurmanova, Î and Meruyert Kairova† Temirgazina et al. *Space and Culture, India* 2019, 7:1 Page | 143 <https://doi.org/10.20896/saci.v7i1.528>

Амангелді А.А., ф.ғ.к., аға оқытушы